

FTAXP 10.17.65

ӘОЖ 342.9

JEL K14

<https://doi.org/10.46914/2959-4197-2026-1-1-178-191>

ЕРНИШЕВ К.А.,¹

з.ғ.к., қауымдастырылған профессор.

e-mail: yernishev.k@mail.ru

ORCID ID: 0000-0003-3687-3009

ЕЛИКБАЙ М.А.,²

з.ғ.к., қауымдастырылған профессор.

e-mail: max_elikbai@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-3679-2365

ШАХАЕВА Г.,³

құқық магистрі, оқытушы.

e-mail: gul2084@mail.ru

ORCID ID: 0009-0000-0347-2431

АБЛАЕВА Э.Б.,^{*4}

з.ғ.к., қауымдастырылған профессор.

*e-mail: ablaeva_1981@mail.ru

ORCID ID: 0009-0002-3124-1248

¹М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті,

Тараз қ., Қазақстан

²М.О. Әуезов атындағы

Оңтүстік Қазақстан университеті,

Шымкент қ., Қазақстан

³Ш. Есенов атындағы университет,

Ақтау қ., Қазақстан

⁴С.Д. Асфендияров атындағы ҚазҰУ,

Алматы қ., Қазақстан

КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРҒА ҚАРСЫ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУДАҒЫ ӘКІМШІЛІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ ТЕТІКТЕР

Андатпа

Кәмелетке толмағандарға қарсы зорлық-зомбылықтың алдын алуда қолданылатын әкімшілік-құқықтық тетіктердің тиімділігі кешенді түрде талданады. Балаларға қарсы зорлық-зомбылықтың таралу жиілігі, оның әлеуметтік тұрғыдан қауіпті салдары және оларды болдырмауда әкімшілік құқық құралдарының рөлі қарастырылады. Қолданыстағы әкімшілік жауаптылық жүйесінің алдын алу әлеуетіне ерекше назар аударыла отырып, айыппұл, қамаққа алу мен ескертулер сияқты әкімшілік жазалардың құқық бұзушылықтарды болдырмауда төмен тиімділігін ақтап көрсетеді. Зерттеу көрсеткендей, әкімшілік жазалар көбінесе формальды сипатта болып, құқық бұзушылардың мінез-құлқына нақты әсер етпейді және қайталанатын құқық бұзушылықтарды болдырмауға жеткіліксіз. Кәмелетке толмағандарға зорлық-зомбылық жасайтын адамдарға қолданылатын әкімшілік шаралардың жеңілдігі олардың заң алдындағы жауаптылық сезімін әлсіретіп, қылмыстардың қайталануына ықпал етеді. Қайталанатын немесе жүйелі құқықбұзушылықтарға қатысты қатаң әкімшілік шаралардың сирек қолданылуы құқық қорғау тәжірибесінің өзекті мәселелердің бірі ретінде белгіленді. Қолданыстағы әкімшілік заңнама нормалары және құқық қолдану тәжірибесі жан-жақты зерделеніп, олардың халықаралық құқықтық стандарттармен, соның ішінде бала құқықтарын қорғауға бағытталған халықаралық шарттармен сәйкестігі қарастырылады. Баланың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау қағидатының әкімшілік өндірісте жеткілікті деңгейде іске аспайтыны дәлелденді. Зерттеу соңында әкімшілік жауаптылық институтын жетілдіру қажеттілігі айқындалып, кәмелетке толмағандарға қарсы зорлық-зомбылықты болдырмауға бағытталған әкімшілік-құқықтық шараларды күшейту жайлы ұсыныстар берілді. Әсіресе, әкімшілік санкцияларды дифференциациялау, қайталанатын құқықбұзушылықтар үшін жауаптылықты қатаңдату, алдын ала есепке қою тетіктерін жетілдіру, сондай-ақ баланың мүддесін басым қою қағидатын құқық қолдану тәжірибесіне нақты енгізу қажеттілігі негізделді.

Тірек сөздер: бала құқықтары, балаларға қатысты зорлық-зомбылық, әкімшілік жауаптылық, әкімшілік-құқықтық тетіктер, әкімшілік жазалар, құқық бұзушылықтың алдын алу, қайталанатын құқық бұзушылықтар.

Кіріспе

Қазіргі қоғамдағы өзекті әлеуметтік-құқықтық мәселелердің бірі – кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу және оның тиімді құқықтық тетіктерін қалыптастыру болып табылады. Баланың өмірі, денсаулығы, әл-ауқаты, олардың ең жақсы мүдделері мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету мемлекеттің міндеттерінің бірі болғанымен, бұл бағытта қолданылып отырған әкімшілік-құқықтық ықпал ету шараларының тиімділігі әлі де жеткіліксіз деңгейде қалып отыр. Кәмелетке толмағандарға қарсы зорлық-зомбылық оқиғаларының сақталуы және олардың кейбір жағдайларда қайталануы қолданыстағы әкімшілік жауаптылық жүйесінің алдын алу әлеуетін қайта қарауды талап етеді.

Балаларға қарсы зорлық-зомбылықтың қоғамдық қауіптілігі оның жеке тұлғаның қалыптасуына, психикалық, әлеуметтік және физикалық дамуына ұзақ мерзімді теріс әсер етуімен айқындалады. Мұндай құқық бұзушылықтар тек жеке отбасы шеңберіндегі мәселе болып қана қоймай, жалпы қоғамның тұрақтылығы мен құқықтық қауіпсіздігіне елеулі қатер төндіреді. Осыған байланысты, зорлық-зомбылықтың алдын алу жүйесінде әкімшілік құқық маңызды орын алады, себебі ол қылмыстық жауаптылыққа дейінгі кезеңде құқық бұзушылықтың алдын алуға бағытталған негізгі құқықтық құралдардың бірі болып табылады. Яғни, әкімшілік жауаптылық қылмыстық жауаптылыққа дейінгі алдын алу сүзгісі ретінде әрекет етеді. Әкімшілік-құқықтық тетіктер қоғамдық тәртіп пен құқықтық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталғанымен қылмыстық-құқықтық тетіктерден құқықтық табиғаты мен қолдану шектерімен ажыратылады. Әкімшілік құқық бұзушылық пен қылмыстық құқық бұзушылық арасындағы шекара, әдетте, әрекеттердің сипаты және қоғамдық қауіптілік дәрежесімен, келтірілген зиянның көлемімен айқындалады. Алайда, әкімшілік құқық бұзушылықтың қоғамда жүйелі түрде қайталануы немесе оның ауыр зардаптарға әкелуі криминализацияға ұшырауы мүмкін. Осылайша, әкімшілік-құқықтық және қылмыстық-құқықтық тетіктер бір-біріне қарсы қойылмай, өзара сабақтас және бір-бірін толықтырушы сипатқа ие. Өз кезегінде, әкімшілік жауаптылықтың тиімді қолданылуы қылмыстық құқықтың іске қосылу қажеттілігін азайтып, мемлекеттік құқықтық реттеудің кешенді және үйлесімді үлгісін қалыптастырады.

Қолданыстағы әкімшілік заңнамада кәмелетке толмағандарға қарсы зорлық-зомбылыққа жол берген тұлғаларға, әдетте, айыппұл және ескерту сияқты салыстырмалы түрде жеңіл әкімшілік жаза түрлері қолданылады. Алайда құқық қолдану тәжірибесі көрсеткендей, мұндай әкімшілік ықпал ету шараларының құқықбұзушылықтың алдын алуғағы тиімділігі төмен болып отыр. Айыппұл салу көбінесе құқықбұзушының мінез-құлқына түзетуші және тәрбиелік әсер етпей, керісінше, отбасының материалдық жағдайын нашарлатып, жәбірленуші баланың әлеуметтік жағдайына кері әсерін тигізуі мүмкін. Ал ескерту шарасы өзінің формалды сипатына байланысты құқық бұзушының құқыққа қайшы әрекеттерін тоқтатуға жеткілікті ықпал ете алмайды. Сол себепті айыппұл қазіргі таңда қолданбайды десек қате болмас.

Сонымен қатар, қайталанатын құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік жауаптылықты күшейту тетіктерінің жеткіліксіз қолданылуы кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылықтың жүйелі сипат алуына жағдай жасайды. Құқық бұзушылықтың қайталану оқиғалары анықталған жағдайда да, әкімшілік жазаларды ауырлату қағидаты құқық қолдану тәжірибесінде әрдайым тиімді іске асырылмайды. Бұл жағдай құқық бұзушының жауапкершілік сезімін төмендетіп, әкімшілік жазаның алдын алу және тәрбиелік функцияларын әлсіретеді, нәтижесінде кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау деңгейі төмендейді.

Осыған байланысты, кәмелетке толмағандарға қарсы зорлық-зомбылықтың алдын алуға айыппұл, қамаққа алу, ескерту сияқты әкімшілік жаза түрлерінің тиімділігін, сондай-ақ қайталанатын құқықбұзушылықтар үшін қатаң әкімшілік шараларды қолданудың теориялық және тәжірибелік қырларын кешенді түрде ғылыми тұрғыдан талдау ерекше өзектілікке ие. Мұндай талдау әкімшілік-құқықтық ықпал ету шараларын жетілдіруге, баланың мүддесін басым қою қағидатын іске асыруға және балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың тиімділігін арттыруға бағытталған нақты ұсыныстар әзірлеуге негіз бола алады.

Материалдар мен әдістер

Зерттеудің нормативтік материалдарын Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері, қоғамдық қауіпсіздікті қоғаммен әріптестік жасап қамтамасыз етудің 2024–2028 жж. арналған тұжырымдамасы, балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, өзіне өзі қол жұмсаудың алдын алу және олардың құқықтары мен саламаттығын қамтамасыз ету жөніндегі 2023–2025 жж. арналған кешенді жоспары, Біріккен Ұлттар Ұйымының Балалар қорының (UNICEF) Қазақстандағы Өкілдігінің есебі, Қазақстан Республикасындағы отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы ұлттық баяндамасы құрады.

Зерттеудің теориялық материалдары болып отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми еңбектері танылады.

Жұмыстың тәжірибелік материалдары ретінде 2021–2025 жж. аралығын қамтитын соңғы 5 жылдағы кәсіпкерлерге толмағандардың құқықтарына қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы құқық қорғау органдарының ресми статистикалық деректері қолданылды.

Зерттеудің ұғымдық-теориялық негіздерін ғылыми қорытындылардың негізділігін және ұғымдық аппараттың бірізділігі мен мазмұндық айқындығын көрсететін әкімшілік құқық доктринасында қалыптасқан негізгі ұғымдар мен санаттар құрайды. Атап айтқанда «әкімшілік-құқықтық тетіктер» ұғымы қоғамдық қатынастарды реттеуге бағытталған құқықтық нормалар, институттар және құқық қолдану құралдарының жиынтығы ретінде түсіндіріліп, құқыққа қайшы мінез-құлықтың алдын алуға бағытталған алдын алу шарасы болып қарастырылады. «Алдын алу әлеуеті» ұғымы әкімшілік-құқықтық реттеу құралдарының құқықбұзушылықтардың туындауына дейін ықпал ету қабілетін сипаттап, әкімшілік бақылау, ескерту, шектеу және жауаптылық арқылы қоғамға қауіпті әрекеттердің алдын алуға мүмкіндік берді. Зерттеуде қолданылатын «қайталанатын құқық бұзушылық» санаты құқық бұзушының жаңа құқық бұзушылықтар жасауынан сақтандыру мақсатында қолданылып, алдын алу функциясының тиімділігін бағалауда маңызды көрсеткіш болып табылады. «Зорлық-зомбылық» ұғымы жеке тұлғаның өміріне, денсаулығына немесе психологиялық жағдайына зиян келтіретін, бірақ қылмыстық жауапкершілік деңгейіне жетпейтін және алдын алуға жататын әрекеттер жиынтығы ретінде қарастырылады.

Зерттеу барысында нормативтік құқықтық талдау, салыстырмалы-құқықтық, құқық қорғау органдарының құқық қолдану тәжірибесін зерттеу, статистикалық деректерді өңдеу, жүйелік талдау әдістері қолданылды.

Нақтырақ айтқанда нормативтік құқықтық талдау әдісі әкімшілік жауаптылықты реттейтін құқықтық нормалардың мазмұнын, айыппұл және ескерту сияқты әкімшілік жаза түрлерінің құқықтық табиғатын және олардың қолданылу ерекшеліктерін зерделеуге мүмкіндік берді.

Салыстырмалы-құқықтық әдіс кәсіпкерлерге толмағандарға қарсы зорлық-зомбылықтың алдын алу саласындағы ұлттық заңнаманы халықаралық құқықтық стандарттармен және шетелдік тәжірибемен салыстыруға көмектесті.

Құқық қорғау органдарының құқық қолдану тәжірибесін зерттеу әдісі арқылы әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша қабылданған шешімдер зерделеніп, әкімшілік жазалардың тиімділігі мен қайталанатын құқықбұзушылықтарға ықпал ету деңгейі айқындалды.

Статистикалық деректерді өңдеу әдісімен кәсіпкерлерге толмағандарға қарсы зорлық-зомбылық оқиғаларының жиілігі, әкімшілік жаза түрлерінің қолданылу үлесі және құқық бұзушылықтардың қайталану деңгейі бағаланды.

Жүйелік талдау әдісі әкімшілік-құқықтық тетіктерді өзара байланысты элементтер жиынтығы ретінде қарастырып, олардың алдын алу әлеуетін кешенді түрде анықтады.

Зерттеу нәтижелерінің ғылыми негізділігін қамтамасыз ету мақсатында алынған деректер логикалық, құрылымдық және мазмұндық тұрғыдан өңделді. Қолданылған әдістер жиынтығы айыппұл мен ескерту сияқты әкімшілік жаза түрлерінің алдын алу әлеуетін бағалауға, сондай-ақ қайталанатын құқық бұзушылықтар үшін қатаң әкімшілік шараларды қолдану қажеттігін негіздеуге мүмкіндік берді.

Нәтижелер мен талқылау

Өкінішке орай, жыл сайын Қазақстанда әкімшілік құқық бұзушылықтар саны артып келеді. Ал олардың арасында кәмелетке толмағандардың құқығына қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылықтар ерекше орын алады. Олар статистикалық деректерімен расталады. Кәмелетке толмағандардың құқығына қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылықтар саны туралы 2021–2025 жж. аралығындағы статистикалық деректерді қарастырайық.

Кесте 1 – Кәмелетке толмағандардың құқығына қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы 2021–2025 жж. статистикалық деректер

Жылдар/ баптар	2021 ж.	2022 ж.	2023 ж.	2024 ж.	2025 ж.
127 бап	6,602	7,803	12,332	21,087	29,218
127-1 бап	30	45	63	418	433
127-2 бап	жауаптылық жоқ	жауаптылық жоқ	жауаптылық жоқ	184	438
128 бап	44	66	60	71	101
129 бап	0	0	1	0	7
130 бап	1	0	0	2	0
131 бап	76	61	45	43	58
132 бап	1,165	1,760	1,981	2,469	2,683
133 бап	80	50	30	66	67
134 бап	1	0	1	4	1
135 бап	25	12	0	29	15
135-1 бап	жауаптылық жоқ	жауаптылық жоқ	жауаптылық жоқ	0	0
Ескертпе: Авторлармен құрастырылған.					

Сонымен, 2021 ж. кәмелетке толмағандардың құқықтарын бұзатын 8,024 әкімшілік құқық бұзушылық орын алды. Солардың ішінде: Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің (бұдан әрі қарай – ӘҚК) 127-бабымен – 6,602; 127/1-бабымен – 30; 128-бабымен – 44; 129 бабымен – 0; 130-бабымен – 1; 131-бабымен – 76; 132-бабымен – 1,165; 133-бабымен – 80; 134-бабымен – 1; 135-бабымен – 25 [1].

2021 ж. салыстырғанда 2022 ж. кәмелетке толмағандардың құқықтарын бұзатын әкімшілік құқық бұзушылықтардың саны 1,773 артып, жалпы 9,797 құрады. Егер біз құқық бұзушылықтардың үлесіне үңілсек, ӘҚК-тің 127-бабымен – 7,803, 127/1-бабымен – 45, 128-бабымен – 66, 129-бабымен – 0, 130-бабымен – 0, 131-бабымен – 61, 132-бабымен – 1,760, 133-бабымен – 50, 134-бабымен – 0, 135-бабымен – 12 [2].

Өздеріңіз кестеден байқап отырғандай, 2022 ж. кәмелетке толмаған адамды тәрбиелеу және (немесе) оған білім беру, оның құқықтарын және (немесе) мүдделерін қорғау жөніндегі міндеттерді, қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шараларды орындамау, сондай-ақ, кәмелетке толмағандардың түнгі уақытта ойын-сауық мекемелерінде болуына жол беру сияқты әкімшілік құқық бұзушылықтар күрт өсті.

2023 ж. кәмелетке толмағандардың құқықтарын бұзатын құқық бұзушылықтар саны одан сайын өсіп, 14,513 әкімшілік құқық бұзушылық тіркелгенін көрсетеді. Солардың ішінде: ӘҚК-тің 127-бабымен – 12,332, 127-1-бабымен – 63, 128-бабымен – 60, 129-бабымен – 1, 130-бабымен – 0, 131-бабымен – 45, 132-бабымен – 1,981, 133-бабымен – 30, 134-бабымен – 1, 135-бабымен – 0 [3].

Соңғы 2 жылдың статистикалық деректеріне көшпес бұрын, 2024 ж. бастап Қазақстандық заң шығарушы орган алғаш рет кәмелетке толмаған адамды жәбірлеу (буллинг, кибербуллинг) қорлау [4], лауазымды адамдардың жаңа туған баланы тастап кету, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың келіп түсу және жеткізілу оқиғалары туралы

хабарламауы [5] үшін әкімшілік жауаптылықты енгізгенін атап өткен жөн. Сол себепті 2024–2025 жж. аралығындағы статистикалық деректер ӘҚК-тің 127/2 және 135/1-баптары бойынша жасалған әкімшілік құқық бұзушылықтармен толықтырылды.

2024 ж. статистикалық деректерге сүйенсек, кәмелетке толмағандардың құқықтарын бұзатын 24,199 әкімшілік құқық бұзушылық жасалды. Солардың ішінде: ӘҚК-тің 127-бабымен – 21,087, 127/1-бабымен – 418, 127/2-бабымен – 184, 128-бабымен – 71, 129-бабымен – 0, 130-бабымен – 2, 131-бабымен – 43, 132-бабымен – 2,469, 133-бабымен – 66, 134-бабымен – 4, 135-бабымен – 29, 135/1-бабымен – 0 [6].

Ал 2025 ж. елімізде кәмелетке толмағандардың құқықтарына қарсы әкімшілік құқық бұзушылықтардың саны 33,021-ге артты. Яғни, ӘҚК-тің 127 бабымен – 29,218, 127-1-бабымен – 433, 127-2 бабымен – 438, 128 бабымен – 101, 129 бабымен – 7, 130 бабымен – 0, 131 бабымен – 58, 132 бабымен – 2,683, 133 бабымен – 67, 134 бабымен – 1, 135 бабымен – 15, 135-1 бабымен – 0 [7].

Енді кәмелетке толмағандардың құқықтарына қарсы жасалған әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін тағайындалған әкімшілік жазалардың түрлеріне назар аударсақ, көбіне айыппұл, кейде қамаққа алу және өте сирек ескерту қолданады. Мәселен, 2021 ж. қолданды айыппұл – 7,133, қамаққа алу – 48, ескерту – 7; 2022 ж. айыппұл – 9,066, қамаққа алу – 47, ескерту – 5; 2023 ж. айыппұл – 13,647, қамаққа алу – 20, ескерту – 3. Тек 2024 ж. бастап қызметті немесе оның жекелеген түрлерін тоқтата тұру немесе оған тыйым салу, ал 2025 ж. бастап қоғамдық жұмыстар мен заңсыз тұрғызылып жатқан немесе тұрғызылған құрылысты мәжбүрлеп бұзу сияқты әкімшілік жазалар қолданды. Яғни, 2024 ж. айыппұл – 22,710, қамаққа алу – 33, ескерту – 194, қызметті немесе оның жекелеген түрлерін тоқтата тұру немесе оған тыйым салу – 4; 2025 ж. айыппұл – 30,677, қамаққа алу – 25, ескерту – 1, қызметті немесе оның жекелеген түрлерін тоқтата тұру немесе оған тыйым салу – 12, қоғамдық жұмысқа тарту – 1.

Әкімшілік жазалардың осы түрлерін қолдану құқық бұзушыларға қолданылатын әкімшілік жаза түрлерінің ҚР-ның әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында белгіленген мақсаттарға жетуде тиімсіз екендігі туралы пікірімізді тағы да растайды. Біздің ойымызша, құқық бұзушыларды қоғамдық жұмыстарға тарту олардың мінез-құлқын түзетуде және олардың кейіннен түзелуінде және болашақта әкімшілік құқық бұзушылықтардың алдын алуда тиімді. Бірақ қоғамдық жұмыстарға тарту әкімшілік жаза түрі ретінде бұрын қарастырылмаған еді. Тек 2025 жылдың 1 қыркүйегінен бастап, әкімшілік жаза жүйесі қоғамдық жұмыстармен толықтырылды [8].

Статистикалық деректерді қорытындылай келе, біріншіден, 2025 ж. бастап Қазақстанда ӘҚК-тің 135-бабында көзделген жетім балалардың, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалардың және балаларды өз отбасына тәрбиелеуге қабылдауға тілек білдірген адамдардың республикалық деректер банкіне жетім балалар, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар туралы мәліметтерді ұсыну тәртібі мен мерзімдерін бұзу және оларды жария ету түріндегі әкімшілік құқық бұзушылықтарды жасау үрдісі байқалады. Екіншіден, 2025 ж. бастап кәмелетке толмағандарға жасалатын жәбірлеудің (буллинг, кибербуллинг) 3,5 есе өсу үрдісі байқалды. Үшіншіден, лауазымды адамдардың жаңа туған баланы тастап кету, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың келіп түсу және жеткізілу оқиғалары туралы хабарламауы үшін әкімшілік жауаптылық енгізілгеніне қарамастан, оларды жасау үрдісі мүлдем байқалмайды. Төртіншіден, 2024 ж. бастап кәмелетке толмағандардың құқықтарына қарсы жасалған әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік жаза ретінде ескертуді қолданудан бас тарту үрдісі байқалады.

Біз байқаған үрдістердің қалыптасуына құқықтық, әлеуметтік және институционалдық сипаттағы құбылыстар әсер ететіндігін атап кетейік. Құқықтық сипаттағы құбылыстар жағынан алып қарағанда, құқық бұзушылықтардың өсуі не қайталануына, мысалы, баптардың мазмұндық тұрғыда жеткілікті деңгейде нақтыланбауы, санкциялардың құқық бұзушылықтың қоғамдық қауіптілікке сәйкес еместігі, алдын алу әлеуетінің шектеулілігі әсер етеді. Әлеуметтік сипаттағы құбылыстар жағынан, қоғамда орын алған әлеуметтік-экономикалық тұрақсыздық, құқықтық мәдениет деңгейінің төмендігі және азаматтардың құқық пен заң туралы жеткілікті ақпараттандырылмауы әсер береді. Ал, институционалдық сипаттағы құбылыстарға ведомстволық үйлесімнің жеткіліксіздігін, алдын алу жұмыстардың жүйесіз жүргізілуін, әкімшілік-

құқықтық ықпал ету шараларын қолданудағы формализмді, құқық қолдану тәжірибесінің біркелкі болмауын жатқызуға болады.

Сонымен, кәмелетке толмағандардың құқықтарына қарсы жасалған барлық әкімшілік құқық бұзушылықтардың ішінде ең жиі кездесетіндері:

1) кәмелетке толмаған адамды тәрбиелеу және (немесе) оған білім беру, оның құқықтарын және (немесе) мүдделерін қорғау жөніндегі міндеттерді, қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шараларды орындамау (127-бап);

2) кәмелетке толмағандардың түнгі уақытта ойын-сауық мекемелерінде болуына жол беру (132-бап);

3) кәмелетке толмағандар жасаған немесе кәмелетке толмағандарға қатысты құқыққа қарсы іс-әрекеттер туралы хабарламау (127/1-бап);

4) кәмелетке толмаған адамды жәбірлеу (буллинг, кибербуллинг) (127/2-бап).

Балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, олардың өзіне өзі қол жұмсауды алдын алу және құқықтары мен саламаттығын қамтамасыз ету жөніндегі 2023–2025 жылдарға арналған кешенді жоспарды жүзеге асыру нәтижесінде күтілетін 9 оң өзгерістердің ішінде кәмелетке толмағандарға қатысты жасалған құқық бұзушылықтар санын жыл сайын 5 %-ға төмендету (2023 ж. – 1,904 оқиға, 2024 ж. – 1,808 оқиға, 2025 ж. – 1,717 оқиға) жоспарланған еді [9].

Дегенмен, кешенді жоспарда белгіленген іс шаралардан күтілетін нәтижелер үмітті ақтады деп біз толық айта алмаймыз. Өйткені кәмелетке толмағандардың құқықтарына қарсы 2023–2025 жж. аралығында жасалған әкімшілік құқық бұзушылықтардың саны алдыңғы жылдармен салыстырғанда 2025 ж. – 8,833-ке, 2024 ж. – 9,574-ке, 2023 ж. – 4,716-ға артты.

Қоғамдық қауіпсіздікті қоғаммен әріптестік жасап қамтамасыз етудің 2024–2028 жылдарға арналған тұжырымдамасында (құқық бұзушылық профилактикасы саласында) қол жеткізілген нәтижелермен қатар отбасылық-тұрмыстық қатынас саласында жасалған қылмыстардың 2018 жылдан бастап өсуі келеңсіз құбылыстың бірі ретінде аталды. Олардың шамамен 60%-ы әйелдер мен кәмелетке толмағандарға қатысты жасалған болса, жыл сайын балаларға қарсы 2 мыңнан астам жасалған 900 жыныстық сипаттағы қылмыстардың 70%-дан астамын олардың айналасындағы жақындары жасаған [10].

Бұл тұжырымдама Ресейде қылмыстың алдын алу саласындағы Қазақстан Республикасының оң тәжірибесін пайдалану қажет деп санайтын шетелдік зерттеушілерден жоғары баға алды. Ресейлік ғалым В.М. Редкоус Ресей Федерациясындағы қоғамдық қауіпсіздік тұжырымдамасының кемшіліктерінің бірі ретінде тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуға бағытталған шаралардың жоқтығын анықтады [11, 28–29 бб.].

БҰҰ Балалар қорының (UNICEF) қазақстандық өкілдігі жүргізген 2024 ж. Қазақстандағы балалар мен жасөспірімдердің жағдайын талдауына сүйенсек, ата-аналардың, ересектер мен қамқоршылардың балаларға қатысты келесі күштеп тәртіпке салу шараларын қолданғанын көрсетеді: сөзбен қорлады, балаға айқайлады, оған дауысын көтерді немесе ұрысты, балағат сөздер айтты немесе оны мазақтады, ұрамын немесе үйден қуып жіберемін деп қорқытты, психикалық қысым мен физикалық күш қолданды [12].

Аталған мәселе қазақстандық қоғамдық даму институтын да алаңдатып отыр. Ғалымдардың айтуынша баланың құқығын қорғауды күшейту және зорлық-зомбылықты болдырмау үшін қадамдар жасалуына қарамастан, балаларға қарсы отбасындағы зорлық-зомбылық ең қауіпті және ауыр тиетін түрінің бірі болып қала береді. Бұл мәселенің жүйелі сипатта болуы одан әрі күш салуды, секторлар арасындағы үйлестіруді және орнықты ведомствоаралық өзара іс-қимылды талап етеді. Яғни, біріншіден, балаларды қорғау мақсатында алдымен әлеуметтік жұмыс саласында кадрлар даярлау жөніндегі мемлекеттік және ведомстволық саясатты түзету керек. Ол «Әлеуметтік қызметкер мәртебесі туралы» жеке заң қабылдауды талап етеді. Екіншіден, отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықтың құрбандарын қорғау және қолдау жүйесіндегі негізгі элементі болып денсаулық сақтау ұйымдары танылады, өйткені олар амбулаториялық және стационарлық деңгейде медициналық, оның ішінде психологиялық көмек көрсетеді. Ол «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» ҚР Кодексіне психикалық денсаулықты қамтамасыз етуге арналған психикалық денсаулықты сақтаудың негізгі қағидаттарын, субъектілер тобы және олардың құзыреті, ведомствоаралық өзара іс-қимыл тетіктерін, көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігі мен сапасының кепіл-

діктерін, нәтижелілікті мониторингілеу, есепке алу және бағалау тәртібін, психикалық және психоәлеуметтік бұзылулары бар адамдардың құқықтары мен мүдделерін қорғау құралдарын, басым өңірлерде мамандардың жұмысын ынталандыру шараларын қоса алғанда, кадрларды даярлау, қайта даярлау және бөлу жүйесін қамтитын жеке тарауды енгізуді қажет етеді. Үшіншіден, отбасылық зорлық-зомбылықпен күрестегі маңызды тетіктерінің бірі, ол тек құрбандармен ғана емес, сонымен қатар, агрессорлардың өздерімен де психологиялық түзету жұмыстарын істеу [13, 66–69 бб.].

Қазақстандық сарапшылардың ойып толық құптай отырып, шетелдік мамандар тұрмыстық зорлық-зомбылық пен қорлау өз табиғаты бойынша көбінесе «қоғамда жасырын» болғанымен, жәбірленушілер мен аман қалғандар денсаулыққа қатысты мәселелермен жалпы тәжірибе дәрігерлеріне жиі жүгінетінін айтады. Сол себепті Станден Дж. алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсетуде ерте анықтау және мамандандырылған қолдауға жолдама беру жәбірленушілер мен олардың отбасылары үшін нәтижелерді айтарлықтай жақсарта алады деген ойда [14, 532–534 бб.].

Шетелдік әріптестеріміздің зерттеулер нәтижелері көрсеткендей, бейресми қолдаушылар – достар, отбасы, әріптестер және қоғамдастық мүшелер зорлық-зомбылыққа ден қоюда және зорлық-зомбылықтан зардап шеккендерге қолдау көрсетуде шешуші рөл атқарады. Дегенмен, бейресми әлеуметтік қолдауға бағытталған саяси бастамалар шектеулі, себебі үкіметтік демеушілікпен жүргізілетін араласулар негізінен ресми арналар (мысалы, қылмыстық әділет немесе денсаулық сақтау саласы мен үкіметтік емес ұйымдар) арқылы қолдау көрсетуге бағытталған. Авторлардың ұсынысы бойынша, зорлық-зомбылықта қолдаушы рөлін атқаратын адамдарға қатысты арнайы мамандар оқыту бағдарламаларын әзірлеп, олармен бірлесіп жұмыс істеуі қажет, осы топтардың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін мемлекеттің саясаты білім беру іс-шараларын қаржыландыруға бағытталуы тиіс [15, 1580–1581 бб.].

Басқа да шетелдік авторлардың зерттеулерінде де осындай пікір байқалады. Куартас Дж. және т.б. авторлардың зерттеуінің ғылыми нәтижелерінің жиынтығы бүкіл әлемдегі мамандар үйді аралау, ата-аналарды оқыту, бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалану, заңнама және экономикалық қолдау бағдарламаларын әзірлеу, енгізу және кеңейту, сондай-ақ балалық шақтағы зорлық-зомбылықтың алдын алуға бағытталған басқа да экологиялық стратегиялар бойынша күшейтілген жұмысты жалғастыруы керек екенін растайды. Олардың ойынша, бұлардың ішінде ата-аналарды қолдау шаралары көптеген аймақтарда жүзеге асырылуы перспективті болып табылады. Бұл әсіресе кәмелетке толмағандарға қарсы зорлық-зомбылыққа және балалық шақтағы басқа да жағымсыз оқиғаларға жиі тап болатын табысы төмен және орташа елдерде өте маңызды [16, 11 б.].

Өз кезегінде, қазақстандық автор поляк «Көк карта» тұжырымдамасына сүйене отырып, отбасылық және тұрмыстық қатынастардағы қайталанатын зорлық-зомбылық әрекеттерінің қаупін бағалау әдістерін Қазақстанның тұрмыстық зорлық-зомбылықтан қорғаудың әкімшілік және құқықтық жүйесіне енгізуді ұсынады. Е.С. Акимжановтың айтуынша, бұл ең алдымен Қорғау нұсқамасын шығаруды және құқық бұзушының мінез-құлқына ерекше талаптар белгілеуді қамтиды [17, 142–143 бб.].

Авторлардың берген ұсыныстарын қолдай отырып, әкімшілік құқық бұзушылықтардың қайталанбауын алдын алу үшін әкімшілік қадағалаудың да маңызы бар екендігін атап кеткіміз келеді. Бірақ әдетте әкімшілік қадағалау тек бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарға орнатылады [18]. Қылмыстық заңнама пробациялық бақылау [19] мен әкімшілік қадағалауды көздейді, ал әкімшілік құқық мұндай тетіктерді қамтымайды.

Жүргізілген зерттеу нәтижелері кәмелетке толмағандарға қарсы зорлық-зомбылықтың алдын алу тетігі ретінде қолданылып жүрген әкімшілік жаза түрлерінің тиімділігі жеткіліксіз екенін көрсетеді. Құқық қолдану тәжірибесіне жүргізілген кешенді талдау аталған жаза түрлерінің басым көпшілігі формалды сипатта қолданылатынын және құқықбұзушының мінез-құлқына нақты тәрбиелік әрі түзетуші ықпал етпейтінін көрсетті.

Атап айтқанда, айыппұл салу шарасы көп жағдайда зорлық-зомбылық жасаған тұлғаның құқыққа қарсы әрекетінің қоғамдық қауіптілігін ұғынуына және жауапкершілік сезімінің қалыптасуына ықпал етпейді. Керісінше, ол отбасы ішіндегі экономикалық жағдайды күрделендіріп, жанама түрде жәбірленуші кәмелетке толмаған баланың психологиялық жай-күйі мен әлеу-

меттік бейімделуіне теріс әсер етуі мүмкін. Сол себепті отбасы-тұрмыстық қатынастар аясындағы құқыққа қарсы әрекеттер үшін айыппұл көзделмеген. Осы әрекеттер үшін айыппұл тек заңда көрсетілген әкімшілік қамаққа алынбайтын адамдарға ғана тағайындалады [20]. Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы заңда да әкімшілік ұстаудың тәртібі, мерзімдері, әкімшілік ұстауға ұшыраған адамдардың құқықтары мен міндеттерін әкімшілік заңнама сілтейді.

Осы мән-жайлар әкімшілік жазаның тәрбиелік және түзетуші қызметінің толық көлемде іске аспай отырғанын көрсетеді, соның салдарынан оның құқықбұзушылықтың алдын алудағы әлеуеті айтарлықтай төмендейді. Бұл жағдай кәмелетке толмағандарды зорлық-зомбылықтан қорғау саласында қолданылатын әкімшілік ықпал ету шараларын қайта қарау және олардың мазмұнын құқықбұзушының мінез-құлқына нақты әсер ететін баламалы, кешенді тетіктермен толықтыру қажеттігін негіздейді.

Сонымен қатар, ескерту түріндегі әкімшілік жаза да құқықбұзушының мінез-құлқын түзетуге және құқықбұзушылықтың қайталануын болдырмауға бағытталған мақсаттарға жеткілікті деңгейде қол жеткізбей отыр. Аталған шара, әдетте, алғашқы құқықбұзушылық оқиғасы анықталған жағдайда қолданылғанымен, құқықбұзушы тарапынан зорлық-зомбылық сипатындағы әрекеттердің қайталануына нақты әрі тиімді тосқауыл бола алмайды.

Тақырыпты талдау соңында келесі нәтижелер алынды.

Біріншіден, құқық бұзушыларға қолданылатын айыппұл, қамаққа алу және ескерту түріндегі әкімшілік жазалар олардың түзелуінде тиімділігі жоқ.

Екіншіден, әкімшілік заңнамада ауырлататын мән-жай ретінде зорлық-зомбылық әрекеттерінің қайталануы бекітілмеген.

Үшіншіден, кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылық істері бойынша ведомстволар арасындағы ынтымақтастық тиісті деңгейде емес.

Төртіншіден, бала мүддесінің басымдығы қағидатының толыққанды сақталмауы.

Бесіншіден, әкімшілік жазаларды орындау кезінде бақылау тетіктерінің әлсіздігі, отбасылық және тұрмыстық қатынастардағы қайталанатын зорлық-зомбылық әрекеттерінің қауіпін бағалау әдістерінің жоқтығы, кәмелетке толмағандарға қарсы әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адамдарға әкімшілік қадағалаудың жасалмауы, оларға қолданған шаралардың тиімділігін айқындауда мониторингтің жүргізілмеуі.

Алтыншыдан, құқық қорғау және сот органдарының қызметі туралы статистикалық есептерінде кәмелетке толмағандарға қарсы жасалған әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы бөлек есеп нысанының болмауы.

Зерттеу қорытындысы бойынша, кәмелетке толмағандарға қарсы зорлық-зомбылықтың алдын алу жүйесінде әкімшілік-құқықтық тетіктерді жетілдіру қажеттігі айқын көрінеді. Атап айтқанда, құқық қолдану тәжірибесіне тәрбиелік, түзетуші және алдын алу қызметін күшейтетін қосымша шаралар енгізу қажет. Бұл, өз кезегінде, құқық бұзушылықтың қайталануын азайтып, балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау деңгейін көтеруге мүмкіндік береді.

Зерттеу барысында қайталанатын құқық бұзушылықтарға қатысты әкімшілік шаралардың қатаң түрі сирек қолданылатыны анықталды. Құқық бұзушылықтың жүйелі сипатына қарамастан, әкімшілік жауаптылықты ауырлататын шаралар әрдайым уақтылы және дәйекті түрде қолданылмайды. Бұл жағдай құқық бұзушыда жазасыздық сезімін қалыптастырып, зорлық-зомбылық әрекеттерінің жалғасуына жағдай жасайды. Сонымен қатар, қайталанатын құқық бұзушылық оқиғаларын қарау барысында баланың қауіпсіздігін бірінші орынға қою қағидаты толық сақталмай отыр. Мұндай тәжірибе кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудағы әкімшілік-құқықтық тетіктердің жеткіліксіздігін айқын көрсетеді.

Алынған нәтижелер әкімшілік-құқықтық ықпал ету шараларын жетілдіру қажеттігін көрсетеді. Айыппұл, қамаққа алу мен ескерту сияқты дәстүрлі әкімшілік жазалардың алдын алу әлеуетін арттыру үшін оларға балама немесе қосымша алдын алу және түзетуші шараларды енгізу маңызды.

Қайталанатын құқық бұзушылықтар үшін қатаң әкімшілік шараларды қолданудың нақты әрі бірізді тетіктерін қалыптастыру ерекше маңызға ие. Мұндай тетіктерді заңнамалық және құқық қолдану деңгейінде айқындау әкімшілік жауаптылықты іске асыруда жүйелілік пен дәйектілікті қамтамасыз етіп, әкімшілік жазалардың алдын және тәрбиелік функцияларын едәуір күшейтуге ықпал етеді.

Нәтижесінде, кәметке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау деңгейі арттырылып, балаларға қарсы зорлық-зомбылықтың алдын алу жүйесінің жалпы тиімділігін жоғарылатуға мүмкіндік туады.

Осы тұрғыдан алғанда, зерттеу нәтижелері әкімшілік-құқықтық тетіктерді жетілдіру тек жазалық ықпал ету шараларын күшейтумен шектелмеуі тиіс екенін көрсетеді. Керісінше, мұндай жетілдіру тәрбиелік, түзетуші және алдын алу бағытындағы кешенді іс-шараларды жүйелі түрде енгізуді талап етеді. Атап айтқанда, құқық бұзушылармен жеке алдын алу жұмысын жүргізу, міндетті психологиялық және әлеуметтік түзету бағдарламаларды қолдану, сондай-ақ отбасымен жұмыс істеудің әкімшілік-құқықтық нысандарын кеңейту зорлық-зомбылықтың қайталану қаупін төмендетуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, әкімшілік-құқықтық ықпал ету шараларын іске асыру барысында ведомстволық өзара іс-қимылды күшейту, уәкілетті мемлекеттік органдардың, ішкі істер органдарының кәметке толмағандардың істері жөніндегі учаскелік полиция инспекторларының, білім беру және әлеуметтік қорғау мекемелерінің үйлесімді қызметін қамтамасыз ету ерекше маңызға ие. Мұндай кешенді тәсіл жәбірленуші балаларды ерте кезеңде анықтауға, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін уақтылы қорғауға, сондай-ақ қауіп факторларын азайтуға жағдай жасайды.

Жалпы алғанда, ұсынылған шараларды іске асыру балаларға қарсы зорлық-зомбылықтың алдын алу жүйесіндегі әкімшілік-құқықтық реттеудің тиімділігін арттырып, кәметке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың пәрменді тетіктерін қалыптастыруға негіз болады.

Қорытынды

Жүргізілген зерттеу кәметке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алуда қолданылатын әкімшілік-құқықтық тетіктердің қазіргі жағдайы олардың алдын алу әлеуеті жеткіліксіз екенін көрсетті. Әсіресе, айыппұл мен ескерту сияқты әкімшілік жаза түрлері құқықбұзушылықтың қайталануына нақты тосқауыл бола алмай, көбінесе формалды сипатта қолданылатыны анықталды. Мұндай жаза түрлері құқықбұзушының мінез-құлқын түзетуге бағытталмай, жәбірленуші баланың мүддесін екінші кезекке ысырып қою қаупін арттырады.

Зерттеу нәтижелері қайталанатын құқық бұзушылықтар үшін қатаң әкімшілік шаралардың жеткіліксіз қолданылуы зорлық-зомбылықтың жүйелі сипат алуына ықпал ететінін көрсетті. Әкімшілік жауаптылықты ауырлататын шараларды қолданудағы бірізділіктің болмауы құқық бұзушыларда жазасыздық сезімін қалыптастырып, кәметке толмағандардың құқықтары мен қауіпсіздігін қорғау деңгейін төмендетеді.

Осыған байланысты, кәметке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу тиімділігін арттыру және әкімшілік-құқықтық тетіктерді жетілдіру мақсатында келесі ұсыныстарды енгізу ұсынылады:

Әкімшілік жаза жүйесін жетілдіру. Айыппұл, қамаққа алу және ескерту сияқты дәстүрлі әкімшілік жазалармен шектелмей, оларды баламалы ықпал ету шараларымен толықтыру ұсынылады. Құқық бұзушылардың мінез-құлқына тікелей әсер ететін міндетті түзету, агрессияны басқарудағы психологиялық оңалту және әлеуметтік ортаға бейімдеу бағдарламаларын енгізу қажет. Осындай кешенді шаралар әкімшілік жазалардың тек формалды сипатымен шектелмей, алдын алу, тәрбиелік және түзетуші функцияларын нығайтуға септігін тигізеді. Әкімшілік жаза ретінде қоғамдық жұмысқа тартуды көбіне қолдану қажет.

Қайталанатын құқықбұзушылықтар үшін жауаптылықты кезең-кезеңімен күшейту тетігін нақтылау. Әкімшілік заңнамада ауырлататын мән-жай ретінде зорлық-зомбылық әрекеттерінің қайталануы үшін қатаң әкімшілік шараларды қолдану құқық қолдану тәжірибесінде жүйелілік пен дәйектілікті қамтамасыз етіп, құқықбұзушының жауапкершілік сезімін қалыптастыруға, оның құқықбұзушылықты қайталамауға бағытталған нақты ықпал жасауға, әкімшілік жазаның тәрбиелік және түзетуші әлеуетін күшейтуге, кәметке толмағандардың құқықтарын қорғауды қамтамасыз ететін әкімшілік-құқықтық тетіктердің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Бұл ретте жауаптылықты күшейтетін әкімшілік санкцияларды қолданудың нақты өлшем шарттарын белгілеу, олардың формалды сипатта емес, құқықбұзушылықтың сипаты мен оның салдарын ескере отырып қолданылуын қамтамасыз ету маңызды.

Ведомствоаралық өзара іс-қимылды жетілдіру. Ішкі істер органдарының кәметке толмағандардың істері жөніндегі учаскелік полиция инспекторлары, білім беру ұйымдары, қамқоршылық және қорғаншылық институты, әлеуметтік және медицина қызметкерлері арасындағы ақпарат алмасу мен үйлестірудің тиімді құқықтық тетіктерін қалыптастыру жәбірленуші балаларды уақтылы қорғауға, зорлық-зомбылыққа жедел әрі кешенді жауап беруге және құқықбұзушылықтардың алдын алуға ықпал етеді.

Бала мүддесінің басымдығы қағидатын қамтамасыз ету. Әкімшілік іс жүргізу барысында кәметке толмағанның қауіпсіздігін бірінші орынға қоятын арнайы рәсімдерді заңнамалық тұрғыдан нақтылау қажет. Бұл баланың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудағы стандарттарды қалыптастыруға, әкімшілік жауапкершілікті қолдану кезінде баланың қауіпсіздігі мен психологиялық әл-ауқатын ескеруді жүйелендіруге мүмкіндік береді.

Қайталанатын құқықбұзушылықтардың алдын алуында және балалармен қоса осал санаттағы адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету тұрғысынан әкімшілік жазаларды орындау кезінде бақылау тетіктерін барынша күшейту, отбасылық және тұрмыстық қатынастардағы қайталанатын зорлық-зомбылық әрекеттерінің қауіпін бағалау әдістерін әзірлеу, кәметке толмағандарға қарсы әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адамдарды қадағалау, оларға қолданған шаралардың тиімділігін айқындауда мониторинг қажетті болып табылады. Қорғау нұсқамалары мен шектеу шараларының орындалуын бақылау тетіктерін жетілдіру, алдын алу бақылауын күшейту, әкімшілік қадағалау мүмкіндігін қарастыру мүмкіндіктері құқықбұзушының мінез-құлқындағы өзгерістерді уақтылы қадағалап, құқықбұзушылықтың алдын алуды қамтамасыз етуге, сондай-ақ кәметке толмағандардың қауіпсіздігі мен құқықтарын қорғаудың тиімділігін арттыруға ықпал етеді.

Құқық қорғау және сот органдарының қызметінде кәметке толмағандарға қарсы жасалған әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы арнайы есеп нысанын әзірлеу. Мысалы, заңсыз есірткі айналымы, сыбайлас жемқорлық, экстремизм мен терроризмге қатысты құқықбұзушылықтарды, сондай-ақ жол-көлік оқиғаларын хабарлауға арналған есеп нысандары бар. Тұрмыстық зорлық-зомбылық пен кәметке толмағандарға қарсы құқықбұзушылықтардың қоғамдық қауіптілігінің артуы, оларға қарсы арнайы іс қимылдарды қолдану, олардың жалпы мемлекет мүдделеріне келтіретін олардың жалпы мемлекет мүдделеріне келтіретін айтарлықтай зияндылығы бөлек нысандағы есеп жүргізу қажеттілігін негіздейді.

Ұсынылған шараларды жүйелі түрде іске асыру кәметке толмағандарға қарсы зорлық-зомбылықтың алдын алу жүйесін айтарлықтай күшейтеді, әкімшілік-құқықтық ықпал ету тетіктерінің тиімділігін арттырады және балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың сапалы жаңа деңгейіне қол жеткізуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ұсынылған шаралар құқық қорғау, әлеуметтік-педагогикалық және медициналық институттар арасындағы бірігуді нығайтып, қоғамдағы құқықтық мәдениетті және балалардың қауіпсіз ортасын қамтамасыз етуге бағытталған кешенді саясатты жүзеге асыруға негіз бола алады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 2021 жылға арналған «Үәкілетті органдармен әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі істерді қарау нәтижелері туралы» № 1-ӘІ есеп. URL: <https://qamqor.gov.kz/crimestat/statistics> (өтініш берілген күн: 31.12.2025)

2 2022 жылға арналған «Үәкілетті органдармен әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі істерді қарау нәтижелері туралы» № 1-ӘІ есеп. URL: <https://qamqor.gov.kz/crimestat/statistics> (өтініш берілген күн: 31.12.2025)

3 2023 жылға арналған «Үәкілетті органдармен әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі істерді қарау нәтижелері туралы» № 1-ӘІ есеп. URL: <https://qamqor.gov.kz/crimestat/statistics> (өтініш берілген күн: 31.12.2025)

4 Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 15 сәуірдегі № 73-VIII ҚРЗ Заңы. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2400000073> (өтініш берілген күн: 11.11.2025)

5 Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне адам саудасына, вандализм көрінісіне және бөтеннің мүлкін бүлдіруге қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 5 шілдедегі № 112-VIII ҚРЗ Заңы. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2400000112> (өтініш берілген күн: 11.11.2025)

6 2024 жылға арналған «Уәкілетті органдармен әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі істерді қарау нәтижелері туралы» № 1-ӘІ есеп. URL: <https://qamqor.gov.kz/crimestat/statistics> (өтініш берілген күн: 31.12.2025)

7 2025 жылға арналған «Уәкілетті органдармен әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі істерді қарау нәтижелері туралы» № 1-ӘІ есеп. URL: <https://qamqor.gov.kz/crimestat/statistics> (өтініш берілген күн: 31.12.2025)

8 Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының 2025 жылғы 10 қаңтардағы № 155-VIII ҚРЗ Заңы. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2500000155> (өтініш берілген күн: 30.11.2025)

9 Балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу және олардың құқықтары мен саламаттығын қамтамасыз ету жөніндегі 2023–2025 жылдарға арналған кешенді жоспарды бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 31 тамыздағы № 748 қаулысы. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000748> (өтініш берілген күн: 30.11.2025)

10 Қоғамдық қауіпсіздікті қоғаммен әріптестік жасап қамтамасыз етудің 2024–2028 жылдарға арналған тұжырымдамасын (құқық бұзушылық профилактикасы саласында) бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 29 желтоқсандағы № 1233 қаулысы. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300001233> (өтініш берілген күн: 30.11.2025)

11 Редкоус В.М. Вопросы профилактики насилия в семье и их отражение в концептуальных документах обеспечения общественной безопасности (на примере Республики Казахстан) // Государственная служба и кадры. – 2024. – № 1. – С. 107–110.

12 Қазақстандағы балалар мен жасөспірімдердің жағдайын талдау: 2024. Біріккен Ұлттар Ұйымының Балалар қорының (UNICEF) Қазақстандағы Өкілдігінің есебі. URL: [https://www.unicef.org/kazakhstan/media/13631/file/2025%20SitAn_Summary%20report_final_Rus%20\(21%20Sept%202025\).pdf](https://www.unicef.org/kazakhstan/media/13631/file/2025%20SitAn_Summary%20report_final_Rus%20(21%20Sept%202025).pdf) (өтініш берілген күн: 30.11.2025)

13 «Қазақстан Республикасындағы отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы» ұлттық баяндама / Б.К. Туреханова, М.К. Хасенов, Ж.Ж. Арғынбаева, А.Г. Қусманова, А.Б. Иманқұл, А.Т. Дюсенова, Г.Е. Утеулина, Б.К. Ермекбаева, З.С. Әскербек, А.М. Картова, А.Е. Мухаметкалиева. – Астана қ.: Indesign studio, 2025. – 300 б.

14 Standen J. Domestic violence and abuse in primary care // InnovAiT: Education and inspiration for general practice. 2022. Vol. 15. No. 9. P. 532–538. DOI:10.1177/17557380221106236

15 Schucan Bird K., Stokes N., Rivas C., Tomlinson M., Delve M., Gordon L., Gregory A., Lawrence K., O'Reilly N. Training Informal Supporters to Improve Responses to Victim Survivors of Domestic Violence and Abuse: A Systematic Review // Trauma, Violence, & Abuse. 2024. Vol. 25(2). P. 1568–1584.

16 Cuartas J., Salazar A., Backhaus S., Little M.T., McCoy D., Yoshikawa H., Bass M., Metheny N., Knaul F. Strategies to Prevent Violence Against Children in the Home: A Systematic Review of Reviews // Trauma, Violence, & Abuse. 2024. Vol. 25(4). P. 3419–3433. DOI: 10.1177/15248380241247018

17 Акимжанов Е.С. О перспективах оценивания вероятности повторного совершения домашнего насилия: международный опыт административно-правовой защиты // Труды Академии управления МВД России. – 2023. – № 1 (65). – С. 138–144.

18 Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды әкімшілік қадағалау туралы Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 15 шілдедегі N 28 Заңы. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z960000028> (өтініш берілген күн: 05.12.2025)

19 Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ Қылмыстық кодексі. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226> (өтініш берілген күн: 05.12.2025)

20 Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексі. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000235> (өтініш берілген күн: 30.11.2025)

REFERENCES

1 2021 жылға арналған «Уәкілетті органдармен әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі істерді қарау нәтижелері туралы» No. 1-ӘІ есеп. URL: <https://qamqor.gov.kz/crimestat/statistics> (өтініш берілген күн: 31.12.2025) (In Kazakh)

2 2022 жылға арналған «Уәкілетті органдармен әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі істерді қарау нәтижелері туралы» No. 1-ӘІ есеп. URL: <https://qamqor.gov.kz/crimestat/statistics> (өтініш берілген күн: 31.12.2025) (In Kazakh)

3 2023 jylğa arnalğan «Uäkiletli organdarmen äkimşilik qūyq būzuşlyqtar jönindegi ısterdı qarau nätijeleri turaly» No. 1-ÄI esep. URL: <https://qamqor.gov.kz/crimestat/statistics> (ötiniş berilgen kün: 31.12.2025) (In Kazakh)

4 Qazaqstan Respublikasynyñ Äkimşilik qūyq būzuşlyq turaly kodeksine äielderdiñ qūyqtary men balalaryñ qauıpsızdıgın qamtamasyz etu мәseleleri boıynşa özgerister men tolyqtyrular engizu turaly Qazaqstan Respublikasynyñ 2024 jylgy 15 säuirdegi No. 73-VIII QRZ Zañy. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2400000073> (ötiniş berilgen kün: 11.11.2025) (In Kazakh)

5 Qazaqstan Respublikasynyñ Äkimşilik qūyq būzuşlyq turaly kodeksine adam saudasyına, vandalizm körinisine және бөтеннің мүлкін бүлдіруге qarsy ısqımyl мәseleleri boıynşa özgerister men tolyqtyrular engizu turaly Qazaqstan Respublikasynyñ 2024 jylgy 5 şildedegi No. 112-VIII QRZ Zañy. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2400000112> (ötiniş berilgen kün: 11.11.2025) (In Kazakh)

6 2024 jylğa arnalğan «Uäkiletli organdarmen äkimşilik qūyq būzuşlyqtar jönindegi ısterdı qarau nätijeleri turaly» No. 1-ÄI esep. URL: <https://qamqor.gov.kz/crimestat/statistics> (ötiniş berilgen kün: 31.12.2025) (In Kazakh)

7 2025 jylğa arnalğan «Uäkiletli organdarmen äkimşilik qūyq būzuşlyqtar jönindegi ısterdı qarau nätijeleri turaly» No. 1-ÄI esep. URL: <https://qamqor.gov.kz/crimestat/statistics> (ötiniş berilgen kün: 31.12.2025) (In Kazakh)

8 Qazaqstan Respublikasynyñ Äkimşilik qūyq būzuşlyq turaly kodeksine özgerister men tolyqtyrular engizu turaly Qazaqstan Respublikasynyñ 2025 jylgy 10 qañtardağy No. 155-VIII QRZ Zañy. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2500000155> (ötiniş berilgen kün: 30.11.2025) (In Kazakh)

9 Balalary zorlyq-zombylyqtan qorğau, suisidtiñ aldyn alu және olardyñ qūyqtary men salamattyğın qamtamasyz etu jönindegi 2023–2025 jylдарға arnalğan keşendi jospardy bekıtu turaly Qazaqstan Respublikasy Ükimetiniñ 2023 jylgy 31 tamyzdağy No. 748 qaulysy. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000748> (ötiniş berilgen kün: 30.11.2025) (In Kazakh)

10 Qoğamdyq qauıpsızdıktı qoğammen äriptestik jasap qamtamasyz etudiñ 2024–2028 jylдарға arnalğan tūjyrymdamasyn (qūyq būzuşlyq profilaktikasy salasynda) bekıtu turaly Qazaqstan Respublikasy Ükimetiniñ 2023 jylgy 29 jeltoqsandağy No. 1233 qaulysy. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300001233> (ötiniş berilgen kün: 30.11.2025) (In Kazakh)

11 Redkous V.M. (2024) Voprosy profilaktiki nasilija v sem'e i ih otrazhenie v konceptual'nyh dokumentah obespechenija obshhestvennoj bezopasnosti (na primere Respubliki Kazahstan) // Gosudarstvennaja sluzhba i kadry. No. 1. P. 107–110. (In Russian)

12 Qazaqstandağy balalar men jasöspirimderdiñ jağdaiyn taldau: 2024. Bırıkken Ülttar Üiymynyñ Balalar qorynyñ (UNICEF) Qazaqstandağy Ökıldıgınıñ esebi. URL: [https://www.unicef.org/kazakhstan/media/13631/file/2025%20SitAn_Summary%20report_final_Rus%20\(21%20Sept%202025\).pdf.pdf](https://www.unicef.org/kazakhstan/media/13631/file/2025%20SitAn_Summary%20report_final_Rus%20(21%20Sept%202025).pdf.pdf) (ötiniş berilgen kün: 30.11.2025) (In Kazakh)

13 «Qazaqstan Respublikasyndağy otbasylyq-türmystyq zorlyq-zombylyqtyñ aldyn alu turaly» ülttyq baiandama / B.K. Turehanova, M.K. Hasenov, J.J. Arğynbaeva, A.G. Kusmanova, A.B. İmanqul, A.T. Düsenova, G.E. Uteulina, B.K. Ermekbaeva, Z.S. Äskerbek, A.M. Kartova, A.E. Muhametkalieva. Astana q.: Indesign studio, 2025. 300 p. (In Kazakh).

14 Standen J. (2022) Domestic violence and abuse in primary care // InnovAiT: Education and inspiration for general practice. Vol. 15. No. 9. P. 532–538. DOI: 10.1177/17557380221106236 (In English)

15 Schucan Bird K., Stokes N., Rivas C., Tomlinson M., Delve M., Gordon L., Gregory A., Lawrence K., O'Reilly N. (2024) Training Informal Supporters to Improve Responses to Victim Survivors of Domestic Violence and Abuse: A Systematic Review // Trauma, Violence, & Abuse. Vol. 25(2). P. 1568–1584. (In English)

16 Cuartas J., Salazar A., Backhaus S., Little M.T., McCoy D., Yoshikawa H., Bass M., Metheny N., Knaul F. (2024) Strategies to Prevent Violence Against Children in the Home: A Systematic Review of Reviews // Trauma, Violence, & Abuse. Vol. 25(4). P. 3419–3433. DOI: 10.1177/15248380241247018 (In English)

17 Akimzhanov E.S. (2023) O perspektivah ocenivaniya verojatnosti povtornogo sovershenija domashnego nasilija: mezhdunarodnyj opyt administrativno-pravovoj zashhity // Trudy Akademii upravlenija MVD Rossii. No. 1(65). P. 138–144. (In Russian)

18 Bas bostandyğynan aiyrı oryndarynan bosatylğan adamdardy äkimşilik qadağalau turaly Qazaqstan Respublikasynyñ 1996 jylgy 15 şildedegi No. 28 Zañy. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z960000028> (ötiniş berilgen kün: 05.12.2025) (In Kazakh)

19 Qazaqstan Respublikasynyñ 2014 jylgy 3 şildedegi No. 226-V QRZ Qylmystyq kodeksi. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226> (ötiniş berilgen kün: 05.12.2025) (In Kazakh)

20 Qazaqstan Respublikasynyñ 2014 jylgy 5 şildedegi No. 235-V QRZ Äkimşilik qūyq būzuşlyq turaly Kodeksi. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000235> (ötiniş berilgen kün: 30.11.2025) (In Kazakh)

ЕРНИШЕВ К.А.,¹

к.ю.н., ассоциированный профессор.

e-mail: yernishev.k@mail.ru

ORCID ID: 0000-0003-3687-3009

ЕЛИКБАЙ М.А.,²

к.ю.н., ассоциированный профессор.

e-mail: max_elikbai@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-3679-2365

ШАХАЕВА Г.,³

м.ю.н., преподаватель.

e-mail: gul2084@mail.ru

ORCID ID: 0009-0000-0347-2431

АБЛАЕВА Э.Б.,*⁴

к.ю.н., ассоциированный профессор.

*e-mail: ablaeva_1981@mail.ru

ORCID ID: 0009-0002-3124-1248

¹Таразский университет им. М.Х. Дулати,

г. Тараз, Казахстан

²Южно-Казахстанский университет

им. М.О. Ауэзова,

г. Шымкент, Казахстан

³Университет им. Ш. Есенова,

г. Актау, Казахстан

⁴КазНМУ им. С.Д. Асфендиярова,

г. Алматы, Казахстан

АДМИНИСТРАТИВНО-ПРАВОВЫЕ МЕХАНИЗМЫ ПРЕДОТВРАЩЕНИЯ НАСИЛИЯ ПРОТИВ НЕСОВЕРШЕННОЛЕТНИХ

Аннотация

Всесторонне анализируется эффективность административно-правовых механизмов, используемых для предотвращения насилия против несовершеннолетних. Рассматривается распространенность насилия в отношении детей, его социально-опасные последствия и роль инструментов административного права в их предотвращении. Уделяя особое внимание превентивному потенциалу существующей системы административной ответственности, обоснована низкая эффективность таких видов административных наказаний в предотвращении правонарушений, как штрафы, аресты, предупреждения. Исследование показывает, что административные наказания часто носят формальный характер, не оказывают реального воздействия на поведение правонарушителя и недостаточны в предотвращении повторных правонарушений. В частности, отмечается, что снисходительность административных мер, применяемых к лицам, совершившим насилие в отношении несовершеннолетних, ослабляет чувство правовой ответственности и способствует повторению правонарушений. Редкое применение строгих административных мер за повторные или систематические правонарушения указывается как одна из актуальных проблем правоохранительной практики. Представлен всесторонний анализ действующего административного законодательства и правоохранительной практики, а также рассмотрено их соответствие международным правовым стандартам, включая международные договоры, направленные на защиту прав ребенка. Доказано, что принцип защиты прав и законных интересов ребенка недостаточно реализуется в административном производстве. По итогам исследования выявлена необходимость совершенствования института административной ответственности и даны рекомендации по усилению административно-правовых мер, направленных на предотвращение насилия против несовершеннолетних. В частности, дифференциация административных санкций, ужесточение ответственности за повторные правонарушения, совершенствование превентивных механизмов, а также четкое внедрение в юридическую практику принципа приоритета наилучших интересов ребенка.

Ключевые слова: права ребенка, насилие против детей, административная ответственность, административно-правовые механизмы, административные взыскания, предупреждение правонарушений, повторные правонарушения.

ERNISHEV K.A.,¹

c.l.s., associate professor.

e-mail: yernishev.k@mail.ru

ORCID ID: 0000-0003-3687-3009

YELIKBAY M.A.,²

c.l.s., associate professor.

e-mail: max_elikbai@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-3679-2365

SHAKHAEVA G.,³

master of law, senior lecturer.

e-mail: gul2084@mail.ru

ORCID ID: 0009-0000-0347-2431

ABLAEVA E.B.,*⁴

c.l.s., associate professor.

*e-mail: ablaeva_1981@mail.ru

ORCID ID: 0009-0002-3124-1248

¹Dulaty University,

Taraz, Kazakhstan

²Auezov University,

Shymkent, Kazakhstan

³Yessenov University,

Aktau, Kazakhstan

⁴Asfendiyarov University,

Almaty, Kazakhstan

ADMINISTRATIVE AND LEGAL MECHANISMS FOR PREVENTING VIOLENCE AGAINST MINORS

Abstract

The article examines the effectiveness of administrative and legal mechanisms aimed at preventing violence against minors. It analyzes the prevalence of violence against children, its socially dangerous consequences, and the role of administrative law instruments in addressing this issue. Particular attention is paid to the preventive potential of the existing system of administrative liability. The study demonstrates that administrative penalties such as fines, administrative arrest, and warnings have limited effectiveness in preventing violence against minors. It is established that such sanctions are often formal in nature, have a weak impact on the offender's behavior, and do not prevent repeated offenses. The leniency of administrative measures applied to perpetrators reduces the sense of legal responsibility and contributes to recidivism. The article assesses current administrative legislation and law enforcement practice in terms of compliance with international legal standards on the protection of children's rights. It concludes that the principle of protecting the best interests of the child is insufficiently implemented in administrative proceedings. Based on the findings, proposals are formulated to improve administrative liability through differentiated sanctions, stricter measures for repeated offenses, and enhanced preventive mechanisms.

Keywords: rights of the child, violence against children, administrative responsibility, administrative and legal mechanisms, administrative penalties, prevention of offenses, repeated offenses.

Мақаланың редакцияға түскен күні: 15.01.2026